

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

7) несовершенство существующего законодательства о предоставлении разрешительных документов на реинжиниринг действующих (и законсервированных) предприятий с учетом создания оптимально безопасных условий их посещения туристами;

8) неопределенность организационно-экономических, нормативно-правовых и информационных механизмов обеспечения развития промышленного туризма на региональном уровне;

9) низкая экономическая эффективность промышленного туризма;

10) не отлаженность связей между предприятиями, практикуют проведение экскурсий, и туристическими агентствами, которые комплексно предоставляют услуги в сфере туризма и разрабатывают туристические маршруты.

Результатом этого является достаточно низкая конкурентоспособность промышленного туризма. Этот список можно значительно дополнить, однако определяющим фактором являются инвестиции, иначе в случае отсутствия финансирования этот вид туризма обречен на гибель. Этого же мнения придерживается и А.Ю. Клименко в своей аналитической записке [4]. Он говорит об отсутствии значительных капиталовложений в развитие инфраструктуры, отсутствия логистических транспортных и инфраструктурных сетей, отсутствия организации внутреннего рынка промышленного туризма отдельных регионов Украины. В связи с этим спектр услуг промышленного туризма довольно ограничен. Поэтому наблюдается потеря потенциальных клиентов, и, как следствие, уменьшается финансовые потоки (инвестиций) на дальнейшее развитие этой сферы.

Список использованных источников:

1. Национальный институт стратегических исследований при Президенте Украины [Электронный ресурс]. – <http://www.niss.gov.ua/articles/1561>.
2. Официальный сайт Мировой Туристической Организации UNWTO [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.unwto.org>.
3. Пацюк В.С. Особливості становлення індустріального туризму на туристичному ринку України Вестник Киевского национального университета им. Шевченка. – Серия «География». – 2010. – № 57. – С. 47-49.
4. Клименко О.Ю. Напрямок активізації розвитку курортного туризму на Сході України: Аналітична записка [Электронный ресурс]/ О. Ю. Клименко – Режим доступа: <http://www.niss.gov.ua/articles/1181/>.

ӘӨЖ: 338.486

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қадыр Арайлым Шәмшідинқызы

kadyr.a@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультеті, туризм мамандығының 1 курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Рустемова Сабира Муратқызы

Қазақстанның ішкі туризмі – мемлекетіміздің жарнамасы болып табылады. Алайда соңғы жылдары кіріс және ішкі туризмге деген сұраныс өсуде. Халықаралық талдаушылар мен мамандардың ойынша туризм де Қазақстанның өсуі мен өркендеуіне зор ықпалын тигізеді. Осы орайда Алматының туристік инфрақұрылымы елеміздегі ең дамыған инфрақұрылым болып отыр. Қаламыздың туристік қызметтері даму үстінде: 600 жүзден астам туристік агенттіктер бар, 80-нен астам шетелдік компаниялармен байланыстар орнатылған. Өткен жылғы көші қон қызметінің көрсеткіші бойынша қаламызға көпшілігі «іскерлік туризм» өкілдері арқылы алыс және жақын шет елден 76000 қонақ келген. Туристік агенттіктер туристерге қызмет көрсету арқылы мемлекеттік бюджеттің кірісін ұлғатып

отырғандығын байқатуды. Туристік агенттіктері арқылы туристік қызмет көрген туристердің саны күні бүгінге өсіп келеді. Ішкі маршруттық көрсеткіштер 3,3 есе өсті.

Елге келетін туристер санын көбейту мақсатында туристік ұйымның шетелге шығарған туристің саны елге келетін туристік азаматтар санымен теңесуі керек деген айла да қолданып көрді. Бұл іске тек қана жекеменшік турбизнес өкілдері ғана емес, сонымен қатар шетелдіктер де қарсы болды. Солардың біреуінің ойынша, "тек сауатты ойластырылған саясат қана жағдайды өзгерте алады және 25 пайызға емес, барлық 50 пайыз".

Қазақстандағы сыртқы және ішкі туризмнің дамуы мемлекет саясатының басым бағыты ретінде көрсетіледі. Халықаралық туризм қазіргі таңда әлемдік экономикадағы ең қарқынды өсіп келе жатқан салалардың бірі. Әлемдік экономикада туризм – жер беті бойынша 75 млн жұмыс орнын ұстап отырған асты жұмыспен қамтушы саланың бірі. Әлемде әр 12-інші адам осы салада қызмет етеді. Халықаралық туризм елді жұмыспен қамтып қана қоймай, қала мен ауылда да өзінің қанатын кеңге жайған. 2012 жылы халықаралық туристердің саны тарихта ең үлкен көрсеткішке жетіп, 1 млрд адамды құрады. Туризм әлемдегі ЖІӨ көлемінің 9,4 пайызын құрайды.

Қазақстандағы сыртқы және ішкі туризмнің дамуы мемлекет саясатының басым бағыты ретінде көрсетіледі. Халықаралық туризм қазіргі таңда әлемдік экономикадағы ең қарқынды өсіп келе жатқан салалардың бірі. Әлемдік экономикада туризм – жер беті бойынша 75 млн жұмыс орнын ұстап отырған асты жұмыспен қамтушы саланың бірі. Әлемде әр 12-інші адам осы салада қызмет етеді. Халықаралық туризм елді жұмыспен қамтып қана қоймай, қала мен ауылда да өзінің қанатын кеңге жайған. 2012 жылы халықаралық туристердің саны тарихта ең үлкен көрсеткішке жетіп, 1 млрд адамды құрады. Туризм әлемдегі ЖІӨ көлемінің 9,4 пайызын құрайды.

Туризм адам мен қоршаған орта арасындағы қайшылықтарды жоюға бағытталған. Алайда мемлекеттегі жаңа нарықтық жағдай ішкі туризмді дамытудың проблемаларын, әсіресе әлемдік туристік нарықтағы бәсекелестік жағдайын үлкейтті.

Мемлекеттегі қиын экономикалық және қаржылық жағдай туризмнің әлеуметтік мәселелер аспектілерін қиындатты:

- Өмір сүру деңгейінің төмендеуі;
- Тура табыстың қысқаруы;
- Қазақстан халқының табысының шұғыл дифференциясы;
- Тұрғындардың сатып алушылық қабілетінің төмендеуі;
- Өмір сүру минимумынан табысы төмен тұрғындардың үлкен бөлігі;

Туризм саласы өзінің тұнып тұрған табиғатымен және тарихи нысандарымен әлемдік тарихқа қол созуға жарап қалды. Жакында италиялық киногерлер елге келіп кетті. Олар елден аттанарда әлемді инфрақұрылыммен де, қолдан жасалған ас та тек сән-салтанатпен де таңдандыру кешегі күннің еншісінде екенін, бүгінгі әлемге техниканың қолы жетпеген табиғаттың тұмса табиғаты ғана таңдандыратынын айтып, біздің жер туралы документальді фильм дайындаймыз деп уәде беріп кетті. Арадағы келісім бойынша, сол елдің спутниктік телеарналары арқылы әлемге танытылмақ. Айтпақшы, бұл италиялықтардың алғашқы сапары емес. Олар осыдан екі жыл бұрын да келіп, еліміздің батыс-шығыс өңірлеріндегі шетел тұрмақ, өзімізге де таныла қоймаған көріністерді бейнетаспаға түсіріп, сурет-банктерін жаңа туындылармен толықтырып кеткен. Олардың бірсыпырасын сол елдің кинотуындыларында табиғат көрінісі ретінде пайдаланса, екіншілері көшелердің сәнін келтіріп тұр. Италиялық түсіру тобын елге алып келген, арадағы келісімшарттардың басы-қасында жүрген әріптесіміз Гүлнар Кенеева еуропалық туристік карта үшін біздің жер игерілмеген кеңістік екенін, қазірше туризм үшін елдегі ең тартымды аймақ – «Байқоңыр» ғарыш айлағы, Арал теңізі және Шыңғыс ханның табанының ізі қалған оңтүстік өңірлер, Ұлытаудағы Жошы және Алаша хан мазарлары екенін айтады. Демек, алда атқарылатын жұмыстар көп.

– Қытайдағы ішкі туризм шамамен, жыл сайын 3 млрд адамды құрайды. Бұл дегеніміз әрбір азамат жыл сайын 2-3 рет өз жерін аралап шығады. Ал АҚШ азаматтарының 80 пайызы тек ішкі туризммен шектеледі. Сырт көз ішкі туризмде инфрақұрылымдарға тиісті деңгейде назар аударады. Бірақ менің ойымша, мұнымен шектеліп қалуға болмайды. Ең бастысы, ақпараттық-имидждік үгіт-насихат жұмыстарын қолға алу. Мен оның аз уақыттың ішінде өз жемісін беретініне сенемін. Бұған дәлел – біздің италиялық кино түсіру тобы арасындағы келісімшартты айтуға болады. Италиялық шығармашылық топпен Баянауыл Ұлттық қорығынан бастап Шарын шатқалы, Көлсай көлі, Қайыңды алқабы, одан әрі Шыңғыс ханның ұлдарының табанының ізі қалған Отырар жері туралы әлеуметтік желілерде ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қалдырып отырған.

Нақ осы мәселемен айналысатын мамандар «Қазақстан аумағында туризмнен тапқан табыстың 20 пайызын салық ретінде төлеу міндетті» дегенді айтады. Бұл турфирмалардың іс-әрекетін тығырыққа әкеліп тірейді. Қазақстандағы туризммен, негізінен, орта және шағын кәсіпкерлік саласындағы кәсіпкерлер айналысатыны белгілі. ОШК-нің ел Парламентінде өздерінің жоғын жоқтап, сойылын соғатындай сенімді депутаттарының жоғы да жасырын емес. Қазақстандық туризм секторының өкілі Инокентий Свирдов «Салық кодексіне енгізілген жаңа ереже отандық туристік ұйымдардың жұмысына кері әсер етіп отырғанын, өйткені салықтың негізгі, салмағы ең алдымен іс-әрекеті туристік сектормен байланысты кәсіпкерлердің иығына түседі. Атап айтқанда, туристік салада табылған пайданың 20 пайызын салық алымы ретінде отандық турфирмаларға төлеуге тура келеді: өйткені туристер мен шетелдік туроператорлар қосымша шығынға батқысы келмейді. Соның салдарынан қазақстандық турфирмалар не клиенттерге өздері көрсеткен қызмет бағасын өсіруге, не заңды бұза отырып салық төлеуден қашақтауға мәжбүр болады» дейді.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасында ішкі туризм әлі де болса бір тұтас индустрия ретінде қалыптаспаған. Бірақ туризм саласына мемлекет белсене қатысатын болса, Қазақстан экономикасындағы үлкен табысты шаруашылыққа айналдыруға болады. Әрине 5 жыл өтсін, 10 жыл өтсін деген ой-пікір болмайды, бірақ осы салада оң өзгерістер қалыптасып келеді, әлемнің туризм саласы дамыған елдерден үйрену керек, өзіміздің мамандарды дайындау қажет және де өзіміздің үйімізге махаббатпен, сүйіспеншілікпен қарауымыз керек. Толығымен айтсақ мынандай қорытынды шығаруға болады:

1. Қазақстанда ішкі туризмді дамыту бағытында аса ірі потенциалды мүмкіншіліктер бар, бірақ ішкі туризмнен түскен табыс ұлттық табыстың 0,1%-ын ғана құрайды. Республикамыз көп ғасырлық салт дәстүріне, ғажап архитектуралық құрылыстарына, қызықты мәдени ескерткіштерге, мұражай жүйелеріне, мәдени мекемелеріне және фольклорлық этнографиялық халықтар ассамблеяларына, өсімдіктер дүниесімен жануарлар дүниесіне, климаттық және туристік зоналарына, табиғи ландшафтыларға ие. Соңғы жылдары халықаралық туристік индустрияда көзқарастың оң өзгеру тенденциясы байқалып, яғни халқы тығыз емес және өзіндік мәдени ерекшеліктері бар елдерге ұзығызушылық байқалып отыр.

2. Қазақстанның туристік дамыту бағыты маусымдық қана, сондықтан біздің туристік фирмалар көрсетіп отырған туристік қызметті диверсификациялау және туристік өнімді модернизациялау керек.

3. Туристік өнімнің жылдам қозғалуына жарнама үлкен әсерін тигізеді. Қазақстандық туристік фирмалар бұқаралық ақпараттар құралдарындағы рекламаны жақсы қолдануда және де интернетте тиімді пайдалану қажет.

4. Туризмнің әлеуметтік мәдениетке әсері зор. Туризм индустриясын дамыту жаңа жұмыс орындарының пайда болуына, шетелдік валютаның мемлекетке түсуінің өсуіне, ірі және кіші мекемелердің дамуына, жергілікті транспорттық инфраструктураның жаңаруына, оның ішінде байланыс және сервистің дамуына алып келеді. Осы дамуымен

жергілікті, аймақтық және халықаралық экономикалық, саяси байланыстарды жақсартады.

5. Туризм қоршаған ортаның едәуір жақсаруына әсерін тигізеді, себебі туризм қоршаған ортамен тығыз байланыста.

6. Фирмалардың көп бөлігі шығу туризміне жұмыс істесе, кейінгі кезде келу туризміне жұмыс істеуші фирмалар санының көбею тенденциясы байқалуда (90%және 10%).

Бүгінде дүниежүзі бойынша, туризм саласынан ел бюджетіне түсетін қаржы мұнайдан түсетін табыстан кейінгі екінші орында тұрғанын ескерсек, бұл саланы дамыту бүгінгі күннің талабы екені даусыз. Дегенмен, халықаралық туризм саласындағы жоғары мөлшердегі алым-салықтардың отандық туризмнің бағын байлап тұрғанын жоққа шығаруға болмайды. Елімізде туризмді насихаттау жұмыстары жүргізілмей отыр деу күмәнді. Жұмыстар жүргізілді. Оған еліміздің туристік ұйымдарының көптеген көрмелерге қатысып, өз жұмыстарын лайықты көрсете білгендігі, тіпті насихаттау жұмыстарының Азия, Океания елдері мен Австралияда бас жүлдені жеңіп алғаны дәлел бола алады.

Отандық туризмді дамыту әрбір қазақ азаматының қолында. Біз бәріміз уақтылы демалып, жан тазалығын қаласақ, отандық туризмде алға басады. Қалада тұншықпай, қазақтың көркем табиғатына қайта жақындайтын болсақ, ұлттық тазалығымызды қайта қалпына келтіреміз анық. Қоршаған орта мінезді қалыптастырады дейді. Ендеше белсенді ортада белсенді өмір сүрейік. Көктем де келе жатыр. Көктеммен бірге көркем табиғатымыздың да қызығын көрейік.

Колданылған әдебиет:

1. <http://www.dalanews.kz/13878>
2. С.Р.Есімжанова «Туристік нарық»,
3. Тойкин, Жайнақова, «Туризм дамуы»,
4. <http://bnews.kz/>
5. Илиясов Д.Қ. «Туризм статистикасы»,
6. Котлер Ф. «Туризм негіздері».

УДК/ ББК 338.48 (574.23)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНАҚ ҮЙЛЕРДІҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

Касенова А., Айтбай Ү

tmst.aitbai@mail.ru, kassenova.0708@mail.ru.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Ғылыми жетекшісі - Абдраманова Г.Қ

2050 жылы ҚР Стратегиялық жоспарына сәйкес Қазақстан 30 бәсекеге қабілетті мемлекеттердің қатарына енуі керек. Ең басты назарды Елордамыз Астанаға аударып отыр. Яғни стратегиялық жоспарға сәйкес Астана экономикалық бәсекеге қабілетті, туристтердің қызығушылығын аударатын жайлы ортаға айналады.

Ең алғашқы халықаралық бренд желісімен ашылған қонақ үйлер 2005- 2008 жылдар аралығында Батыс Қазақстанда ашыла бастады. Ақтауда, Атырауда Renaissance және Атырауда Marriott Executive Apartments. Тек 2011жылы ғана ешқандай халықаралық бренд желісі ашылмады. Оның орнына Алматы қаласында осыған дейін Hyatt америкалық қонақ үй желісінің құрамында болған Rakhat Palace қонақ үйі ашылды. 2012 жылы Бурабайда Rixos және Шымкентте Canvas қонақ үйлері ашылды.

Қазақстандық инвесторлар халықаралық қонақ үй желілерін Қазақстан нарығына енгізу жалғасуда. 2005 жылдан бастап халықаралық қонақ үй брендтері айтарлықтай көбейді.